



Газет 1948 ж.
20 сәуірінен
шыға бастады

Қазақ университеті

№ 9
(1282)
қазан
1999 ЖЫЛ

25 қазан - Республика күні!



Елестіріпек елшіден...
2-бетте

Быть ли закону о труде?
5-стр.

Дулат дәстүрі
6-бетте

Аудиториялары әбігер
7-бетте

Голубые сумерки
Японии 8-стр.

Әлем-ақпарат
9-бетте

Кітап әлеміндегі
қанаалық 11-бетте

"Сен жанбасаң лапылдап..."
3-бетте

Конкурс
12-стр.

10 қазан - Сайлау күні



Сайлау бізге не берді?
3-бетте

Мағжан Жұмабаев

Мен жастарға сенемін...

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты -
Мен жастарға сенемін!

Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін!

Жас қырандар балапан,
Жайып қанат ұмтылған,
Көздегені көк аспан -
Мен жастарға сенемін!

Жумсақ мінез жібектер,
Сүттей таза жүректер,
Қасиетті тілектер -
Мен жастарға сенемін!

Тау суындай гүрілдер,
Айбынды алаш елім дер,
Алтын Арқа жерім дер -
Мен жастарға сенемін.

Қажу бар ма тұлпарға,
Талу бар ма сұңқарға,
Иман күшті оларда -
Мен жастарға сенемін!

Алаш айбынды ұраны,
Қасиетті құраны,
Алаштың олар құрбаны -
Мен жастарға сенемін!

Мен сенемін жастарға,
Алаш атын аспанға,
Шығарар олар бір танда,
Мен жастарға сенемін!

Досым, саған айттым...
4-бетте



Елдестірмек елшіден

Соңғы жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті шығыстану факультеті Қытай Халық Республикасымен бітім беру саласындағы байланысты жақсы жолға қойып келеді. Қытай тілі маманы Н.Алдабек жетекшілік ететін факультет студенттері өздерінің қытай тілін, мәдениетін, әдебиетін жете меңгерулерімен қытайлық өріптестерін әр көз таңғалдырып жүр. Олар Қытай Халық Республикасының Қазақстан Республикасындағы Елшілігі ұйымдастырып отыратын дәстүрлі жарыс-байқауларда жеңістерге жетіп, көршілеріміздің қазақ жастарына деген құрметін қалыптастырып келеді.

Қазақ жастарына, әсіресе аталған университеттің студенттеріне деген ыстық ықыласы мен алғысын білдіру үшін жақында Қазақстан Республикасындағы Қытай Халық Республикасының Төтенше және Өкілетті елшісі Ли Хуэй мырза студенттер аудиториясына ат басын арнайы тіреді. Қытай тілін оқып жүрген жастар алдында сөз сөйлеген мәртебелі Елші мырза екі ел арасындағы қалыптасып отырған достық қарым-қатынас нәтижесінде үлкен нәтижелерге жетіп отырғанына тоқталды. Бұл жетістіктерді жетілдіру жолында жастар атқарар міндеттерге



Суретте оңнан солға қарай: К.Нәрібаев, Ли Хуэй, Н.Алдабек.

ерекше мән беріліп отырғанын айтты.

Студенттер мәртебелі қонаққа қытай тілінде ән-биден тарту тартып, шағын сахналық көріністер де көрсетті. Факультеттің Е.Керімбаев, Н.Көлемсейітова, Н.Серікбаева, Т.Әбдіразақов сынды студенттері шын мәнінде қытай тілін жете меңгергендіктерін көрсетіп, қонақтарды тәнті етті.

Мазмұнды, мағыналы жүздесуде университет ректоры К.Нәрібаев қазіргі таңда шет тілдерін оқып жүрген студенттерге түрлі елшіліктердің, соның ішінде Қытай елшілігінің де көп көңіл бөлетінін атап өтті. Мұның өзі қажетті білікті мамандар даярлауға екі жақтың да аса мүдделілігін танытатынын, яғни, мемлекеттер зәру болып отырған түрлі қызметкерлерді жоғары деңгейде оқыту бастап талап екендігіне көз жеткізеді. Университет ректоры Ли Хуэй мырзаға үлкен жұмыстар арасында уақыт тауып, жастарға арнайы келгеніне алғысын жеткізді.

Қытай Елшісі сөз соңында студенттерге өз елінің тарихы, дәстүрі кең көрсетілген кітаптар мен компьютер сыйлады.

Б.БЕЛҒАРА.

Тағдырласты

тани алу да - тектілік

Қазан айының 28-ші жұлдызында шығыстану факультетінің түрік тілі мен әдебиеті бөлімінің ұйымдастыруымен Түрік Республикасының 76 жылдығы мен Қазақстан Республикасының 8 жылдығы атап өтілді.

Бүкіл әлем куә болған 1999-жылдың тамыз айындағы жер сілкінісіне байланысты Түрік Республикасы басшылығы 1999 жылды азалы жыл деп жариялап, барлық мемлекеттік деңгейдегі мерекелер өткізуге тыйым салды. Сол себепті де Қазақстандағы түрік тілі мамандары мен түрік тілін үйренуші студенттердің бұл бас қосуы қазақ жұртының туысқан елдің қуанышына ғана емес, қасіретіне де ортақтаса алатынын тағы бір рет дәлелдеді. Бұл мерекеге KATEV қазақ-түрік білім беру қорының, KATIYAT қазақ-түрік іскер адамдар ұйымының, Түркия Елшілігінің жанындағы Білім беру басқармасы мен Мәдениет Орталығының өкілдері, сондай-ақ Абай атындағы Алматы мемлекеттік ұлттық университетінің шығыстану факультеті түрік филологиясы бөлімінің, Абылайхан атындағы Қазақ мемлекеттік әлем тілдері университетінің түрік филологиясы факультетінің, Ақсай ықшам ауданындағы қазақ-түрік лицейі мен Талғар ықшам ауданындағы қыздар қазақ-түрік лицейінің оқытушылары мен студенттері келіп қатысты. Түркия Елшілігінің жанындағы Білім беру басқарма бастығының көмекшісі Шенер бей мырза мен ҚазМУУ шығыстану факультетінің профессоры Өтеген Күмісбаев сөз сөйлеп ашқаннан кейін жұртшылық назарына сл тарихы, әдет-ғұрпы, ән-күйінің үлгілері ұсынылып, ортақ тамыр - ортақ тағдыр туралы ізгі ойларға түрті болды.

Женіс ӘБІЛДАЕВ.

Жол. Көлік. Жылқышы

Тікелей көлік жүрсе деп ек

Уақыт талабына сай қазіргі заманымызда мың құбылып жатқан жаңалықтар баршылық. Сондай мәселенің бірі: арнайы заң бойынша жолда жүру жеңілдіктерінің алынып тасталуы. Біз осы орайда Қазақстан Республикасының шаруашылық жүргізу құқығына негізделген коммуналды мемлекеттік кәсіпорны "Алматыэлектротранс"

№3 троллейбус депосының бастығы Қосетов Бекет Рамазанұлымен әңгімелескен едік.

Тілші: Тегін жүру жеңілдіктерінің қысқартылуына не себеп?

Қосетов Б.Р.: - Жеңілдікті алып тастағаннан кейін күн сайын карт адамдардан арыз-шағымдар келіп тұсуде. Бәрінің де қояр сауалы: "Неге жеңілдікті алып тастадыңдар?" Біз жағдайды айтып түсіндіруге тырысамыз. Ең қиын мәселе - қаржыға тіреледі және троллейбустардың ескіруі. Транспорт жетіспейді. Біздің паркке қарайтын №11, 19, 25 троллейбустар еді, №25 троллейбустың жүруін тоқтаттық. Ескірген, шіріген көліктерді пайдалануға да қорқасың. Жеңілдікті қысқартпай тұрған кезде басшылармен бірігіп, хронометраж жасадық. Жолаушылардың 33%-і жеңілдікті пайдаланып жүреді екен. Бұл үлкен ақша.

Тілші: Қазіргі жоспар бойынша билет алу және тапсыру бұрынғымен салыстырғанда қандай дәрежеде?

Қосетов Б.Р.: Дегенмен, пайда түсіруге кедергілер бар. Біріншіден біздің маршруттағы автобустардың, коммерциялық жол көліктерінің көбейіп кетуі болса, екіншіден, бұрынғыдай жолаушы саны азайған. Көбіне карт кісілер мінетін еді. Аз ғана зейнетакысы жетпей, үш-төрт адам бірігіп, бір жолда жүру билетін алады. Кейбіреулері өтірік бейшара болып, кондукторларды алдайды. Енді біреулері қасақана төлемей жүрудің амалын қарастырады. Жеңілдіктің алынып тасталғанына әлі ешкім үйрене алмай жүргендер бар.

Тілші: - II-теміржол вокзалы арқылы ҚазМУ қалашығына қарай тікелей троллейбус жүргізсе қалай болар еді?

Қосетов Б.Р.: - Бұл әрине көп уақытты қажет ететін, жоғарыдағы басшылармен ақылдасатын шаруа. Бізге қарайтын №11 троллейбус орталық базардан Ақсай ықшам ауданына дейін көптеген жоғары оқу орындарын басып өтеді. Ал егер бізге қаржы жағы жетіп, жағдайымыз болып тұрса, барлық жаққа көлік жүргізуге даярмыз. Болашақтағы жоспарымыз Медеуге, барахолкаға, көтерме сауда базарына және тағы басқа жерлерге троллейбус маршрутын ашу болып отыр.

Тілші: Әңгімеңізге көп рахмет!

Гүлмира НӘЛБАЙ.



25 қазан - Республика күні!

"Сен жанбасаң лапылдап..."

Республика мерекесінің 25 қазан күні әйеланып келе жатқанына да біраз жыл болды. Егемендігімізді сырт елдерге айбын ете бастағанмызға да 8 жылдың жүзі бөтелпты. Енді екі жылдан кейін Тәуелсіздігіміздің 10 жылдығын дүркіретіп тойлататын болармыз. Адамзат тарихы жаңа белеске шығар кезең таяған сайын біздің де алды-артымызға кезек қарап, барлы-жоғымызды түгендеуіміз жиілей бастаған секілді.

Жаңа дәуірден, жаңа ғасырдан соны деп, ерекше өзгеріс күтеміз. Бірақ ол өзгеріс бірінші біздің ішкі жан дүниемізде, сана-сезімімізде жүруі қажет. Қазақ ХХІ ғасырда қандай ел болады, қай мемлекеттік саясатында өмір сүреді, ұлт болып жер бетінде сақталып қала ма, жоқ па - мұның бәрі бүгінгі жас - ертеңгі ұрпақтың елі үшін жеке бақытын құрбан ету қабілеттілігін айқындайтын патриотизмі мен "есікте жатқан әкесінің басын төрге сүйреп шығаратын" білімі мен білгілігіне тікелей тәуелді болмақ. Ертеңгі ерліктің кепілі - бүгін бесікте жатқан баланың жүрегіндегі "імі" деп жалындаған оттың ұшқынының болуы.

Бізге мереке көп. Конституция күні,

Тәуелсіздік күні, Республика күні, Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні, Желтоқсан құрбандарын еске алу күні т.б. Бұларды ел болып тойлаудағы мақсат біреу - бүгінгі жас ұрпақтың бойына Отанына деген сүйіспеншілікті сіңіру, патриотизм сезімін дамыту.

Осы мақсаттың қалай жүзеге асып жатқанының бір көрінісі 25 қазан - Республика күні мерекесінде байқалар еді. Мереке ең бірінші жадырай күлген жастардың жарқын жүзінен көрініс беруі қажет еді.

... Біз өзіміз құрған шеңберден әлі шыға алмай жүрміз. Республика күнінде өзін патриотпын деп сезінетін әрбір азамат сол күні Елінің тарихы мен тағдырына қатысты кітап оқып не фильм, бейнетаспа көріп, әңгіме-дүкен жүргізіп, ән тындап, музей аралап, театрға барып, мерекелік репортаждар мен концерттерді тамашалап т.с.с. дегендей өз жүрегіне де, өзгелердің көңіліне де ұлттық мақтаныш пен намыс сезімдерін оятатын, өрбітетін іс-әрекетпен айналысуы қажет болатын. Сіз сол күні немен айналыстыңыз?

"Мен - қазақтың" деп кеуде соққан дауысы жер жаратын "патриоттар" сол күні

Республика алаңына бір барып, халықтың жай-күйімен танысып, Желтоқсан құрбандарына қойылған Тәуелсіздік монументіне тағзым етіп қайтты ма екен?

Әрине, мереке аталмай қалған жоқ. Жылы, жарық үйде, кең, мол дастархан үстінде, лепірме, көпірме сөздермен "түздықтылып" қазіргі адамдардың сана-сезіміне лайық деңгейде тойланды. Өзімізге өзіміз құрған құрсау шеңбер де - осы. Қалыпқа енген әдетті өзгерту, жаңаруға талпыныс жасау жоқ. Талпыныс түгілі, әрі-беріден сон "Сілкіністің не қажеті бар?" деген сұрақ тууы да мүмкін. Сонда: **Сен жанбасаң лапылдап, Мен жанбасам лапылдап, Ол жанбаса лапылдап, Аспан қалай ашылмақ?!"**

Гүлбигаш ОМАРОВА.



10 қазан - Сайлау күні

Тар және кен мағынасында алып қарайық:

Тар мағынасында: менің замандастарым "моментті" пайдаланып қалудың зор үлгісін көрсетіп, өз кам-кракеттерін істеп қалды. Әлеуметтік жағынан нашар қорғалған студент қауымы бірі белгілі бір кандидаттың үгітшісі, бірі әлеуметтік сұрау жүргізуші, бірі бақылаушы болу арқылы жанбағыс қамына кірісті. Бірақ



олары әрдайым сәтті бола берген жоқ. Қадыржановқа үгітші боламын деп бума-ума үгіт қағаздарын көтеріп үй-үйді аралап жүргендердің ақыр соңында соқыр тиын да ала алмай алданып қалғандарын көзіміз көрді. Сайлау ұтаскелерінің кіре берісінде тұрып өткен-кеткеннің кімге дауыс бергенін жазып алған АСИП-тің де біраз бөлігін "біздікілер" құрады. Ал сайлау барысында студенттер атқарған ең "күрметті" функция - бақылаушылық. Қоғамдық-саяси өмірдегі өз орны бар екенін түсіне бастаған жас қауым қазақы сайлаудың "қызықтары мен шыжықтарын" кандидат атынан немесе бейтарап бақылаушы ретінде қатысу арқылы түйсіне бастады.

Сайлау бізге не берді?

Ұсақ-түйек деуге келе бермейтін тағы бір мәселе: ұйымдастырушылар тарапынан "аса үлкен комсомолдық екпінділіктің" байқалмауы. Президент сайлауында таң сейілместен ұйқылы-ояу келіп дауыс беруді "азаматтық парыза балаған" жатақхана тұрғындары бұл жолы бас еркі өзінде болғандықтан, яғни әркімнің өз сайлау құқығын пайдаланып қалуына "аса мүдделі" болып жүретін құс ұйқылы мырзалар бұл жолы баяғы екпінділігін жоғалтқандықтан, студенттер "ұйықтау құқығын" тиімді пайдаланды. Алдыңғы сайлаудағыдай 99%-тік меже талап етілмеді білем, дауыс бермегендерге "іздеу салу" оқиғасы тіркелмеді.

Қысқасы, жалпы алғанда, осыған дейін айтылып жүрген жастардың бейсаясиленіп бара жатқандығы расталды. Телерепортаждарда кілен кәрі-күртан, кемпір-шалдың ұрнаға келе жатқан сәтін беруден жалықпады. Мұны мойындауға тура келеді.

№67 әл-Фараби сайлау округінен түсіп жатқан өзге кандидаттар туралы ақпарат жетімсіздігін де айта кету керек. Мәселен, көпшілік "Начнем с понедельника" газетінің атқарушы директоры Р.Есіргеловтың, көп балалы ана К.Дәуітованың, "Дидар"баспа компаниясының директоры Асқар Есмахановтың заты түгіл атын да естімеген болып шықты.

Сайлау сабақтарын ауқымды мағынада сөз етер болсақ, өткен Парламент сайлауы жастар үшін үлкен саяси мектеп болды. ОБСЕ мен Батыс елдері алдында "демократия" пәнінен

Қазақстан тапсырған емтиханға әркім өз бағасын қойды. "Болды да партия, ел іші жарылды" деп Абай айтқан дәрежеге жетпесе де, аттарын дардай етіп күпі кигендей компанияп жүрген "партиялардың" бет-пердесі ашылды. Айта кету керек, жастар қауымы арасында Азаматтық партияның, "Азаматтың", "Алаштың", ҚРХП-ның қолдаушылары басым. "Отанды" әкімдердің, Компартияны - Одақты көксеушілердің партиясы деп түсіну басымдық болды.

"Паблик рилейшнз" пәнінде жарнамасына, беделіне қарай депутат болуы мүмкін кандидаттарды іріктеген болжамымыз дұрыс шықпай жатты. Шынында біз демократия иллюзиясына тым беріліп кетіпміз. "Отанның" билік партиясы екенін де ескере бермеппіз. Бұл жолы шатассақ, баландығымыз, келесі жолы қазақстандық демократияның өз иірімдерін жете түсінген біз 90%-ке дұрыс болжам жасармыз.

Дегенмен, бүгінгі студенттердің көмпит беріп алдай салатын дәрежеден өтіп кеткендігі белгілі. Ә.Баталов өткізген би кешіне барғандардың ішінен оған дауыс беремін дегендерді көрмедім.

Қалай десек те, 5 жыл бойы ел тағдырын шешер қалаулылар анықталды. Халықтың болашағы туралы бір ауыз тіл қатпай келген кейбір депутаттар тағы 5 жыл үнсіз отыруға халықтың келісімін алғандай.

Мұхтар СЕНГІРБАЙ



М.Жұмабаев: "Мен жастарға сенемін..."

Орынды талап ойландырады

Қазан айының 9-жұлдызында, сайлау қарсаңында депутаттыққа кандидаттардың үгіт жүргізуінің заңды түрде шектелген күні, қаланың 7-8 жоғары оқу орындарының студенттері алаңға шықты. Шағын болсын, үлкен болсын, әйтеуір, алаңға талап-тілектерін айту үшін барды.

Сонау 40-жылдары атакты Баукеңнің (Б.Момышұлының) өзі қозғаған, аяққа тапталып, мазаққа ұшырап келе жатқан мемлекеттік қазақ тілінің жай-күйі еді сол жастардың алаңға жалау етіп шығып, Елбасыға жеткізбек болған екі талабының бірегейі, бастысы. Содан соңғысы - үстіміздегі жылдан бастап үкіметіміздің білім қуған ауыл жастарының жалғыз күнкөріс көзі - стипендиясын шектеуі болатын.

Орынды қойылған талап. Көпшіліктің құптап отырғаны да хақ. Тек үкіметіміз түсіністікпен қарап, орынды мәселенің орайын келтіруді шғындап қолға алса құба-құп болар еді.

Бейбіт ТӨЛЕГЕНҰЛЫ.

Аты бар да заты жоқ

Тіл туралы заңның аты бар да, заты жоқ. Олай болса, анаған, мынаған сілтемей, әркім өз басынан бастауы қажет.

"Бармақ басты, көз қысты" саясатының арқасында өз тілін білмейтіндер, білгісі келмейтіндер немесе біле тұра білмей қалатындардың талайы билікте жүр.

"Елдің болашағы - сендерсіңдер" деген сияқты сөздерден құлағымыз жауыр болып бітті. Ал, біздің болашағымыз булыңғыр. Ертең оқу бітпейік деп отырмыз. Қолымызға дипломымызды ұстап, қаңғып жүрсек, төрт жыл бойы төккен теріміздің жемісін қашан көреміз?

Жастардың талаптары бойынша тіл саясатын жандандыру мақсатында біраз шаралар іске асырылмақшы көрінеді ("Алматы ақшамы" газеті. 13-қазан, 1999 жыл).

Өз қоғамына өгей болып, қағажу көріп жүрген жастар алаңға шықпағанда "тоқ бала аш баламен ойнамайдының" кері жалғыз берер ме еді, кім білсін?

Жұлдыз ӘБДІЛДӘ.

Досым, саған айтамын...

Сырғыған сынап-уақыттың толқынымен балаң күлкі мен уайымсыз ұйқыдан арыла алмай, азамат ретінде танылуға тиіс "адам болған" бейнесін бұлдыр болашақтан іздеп жүрген заманда бір уақ ойланса, оралмас албырт шағының текке өткен минуттарының күнын түсінер еді. Өйткені болашақ жастық шақтан басталады. Қырыққа келіп, бірденені тындырамын деп тыраштанғандарды көріп жүрміз. Соған қарап түйген ой мынау: үлкен істі жігерлі жастың бастауы жарасымды көрінеді. Мынаған назар аударайықшы:

Паскаль 16 жасында әйгілі "паскаль теоремасын" ашқан.

Жанна д'Арк 17 жасында Орлеан қаласын қамаған әскерге қолбасшы болды.

17 жасында Марко Поло Азияға саяхат жасады.

18 жасында Ньютон әлемдегі тұңғыш айналы телескопты ойлап тапты.

18 жасында Пушкин "Руслан мен Людмиланы" жаза бастады.

19 жасында Рахманинов "Алеко" операсын жазды.

20 жасында Миклухо Маклай Канар аралдарын зерттей бастады.

21 жасында Мұхтар Әуезов "Еңлік-Кебекті" жазды.

22 жасында Шоқан Уәлиханов

Қашқарияға саяхат жасады.

23 жасында Фани Мұратбаев Жастардың дүниежүзілік коммунистік Интернационалының шығыс бөлігін басқарды.

24 жасында Күләш Байсейітова КСРО Халық әртісі атанды.

Үлкен іс, ірі қадам жасауға талпынатын кез келген сияқты. Бар болғаны өз жасыңды осы тарихи тұлғалардың жасымен салыстырып көр. Ұсақ-түйекпен айналысар алаңсыз күндердің қарасы көрінбей кеткен. Сенің ҚазМУ-ге түсуің бірінші ірі қадам делік. Алға қарай адымдай бер! Уақыт тоқтағанды білмейді. Сәл кідірсең - ұтылғанын.

Мұхтар.

Пікір-сайыс қазақша өтетін орын



Олар алға ұмтылууда. Білім мен ғылымға деген күштарлық оларды күннен күнге болашаққа етене жақын етеді. Жалын атқан жас, ұлт мүддесін ойлаған ұрпақ, бүгінгі таңда өзгеше леппен, жаңа нышанмен өсіп келеді. Өзіндік пікірін, ерекше идея, қырағы көзқарас танытуда.

Міне, осындай жастарды шоғырландырған орталық біздің елімізде де жұмыс істей бастады.

Оның алға қойған мақсаты - қоғамдағы өзекті проблемаларды талқылау арқылы жастардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттыру болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда: **әлеуметтік тұрғыдан белсенді тұлғалар тәрбиелеу; жастарды сыни көзқарасқа баулу; өз бетімен білім алуға үйрету; жаңа әлеуметтік-психологиялық қабілеттерінің қалыптасуына ықпал ету** басты назарда.

Бағдарламаның негізгі жұмыс істейтін топтары студенттер мен мектеп оқушылары. Оған қазіргі таңда 5600 адам мүше болып тіркелген. Біздің елімізде пікір-сайыстардың "Карл-Поппер" және "Парламенттік" деп аталатын үлгілері таралған. Екі үлгінің де өзіндік тәртібі мен қағидалары

бар. "Карл-Поппер" оқушыларға, "Парламенттік" үлгі студенттерге арналған. Екі үлгіде де ойыншылар екі топқа (команда) бөлініп, пікір-сайыс ұйымдастырады. Карл-Поппер үлгісінде әр топта үш адам болса, Парламенттік үлгіде екі адам. Алғашқы үлгіде төрешілер сайланып алынса, соңғысында төрешілер көрермендер болып табылады. Карл-Поппер үлгісіндегі бір топ тақырыпты, яғни, қойылған мәселені жақтай отырып "жақтаушы жақ" аталып, екінші топ даттай отырып "даттаушы жақ" тобын құрайды. Бір айта кетерлігі - топқа бөліну ойын басталарда ғана жербе арқылы анықталмақ. Ал Парламенттік үлгіде "Үкімет" және "Оппозиция" бір-біріне қарсы келеді, мұнда да топқа бөліну жербе арқылы

айқын болады. Тек төреші көрермендер (парламентарийлер) болмақ.

Пікір-сайыс осы уақытқа дейін орыс тілінде жүзеге асқан еді. Енді оның қазақша үлгісі жұмыс істей бастады. Ондағы мақсат - мүмкіндігінше көшірмеге ұрынудан қаша отырып, ұлттық үлгідегі орталық қалыптастыру.

Қадірлі жас! Өзінді өзін танытуға, өз біліміңді тереңдетуге ұмтылсаң, "Ұлттық Пікір-сайыс орталығына" кел. Сені онда өзіндей жалынды да өнерлі, саликалы да салмақты, шешен замандастарың қарсы алады. Орталық Абай атындағы Алматы Мемлекеттік университетінің жанында (оң жақ бүйірі) орналасқан. Кездесу уақыты әр сәрсенбі күні сағат 16.00-де.

Назым ДҮТБАЕВА.



Быть ли закону о труде?



В настоящее время в средствах массовой информации, в трудовых коллективах обсуждается проект Закона Республики Казахстан "О труде в Республике Казахстан". Несомненно, принятие такого Закона крайне необходимо нашему обществу, так как он поможет преодолеть многие экономические, социальные и моральные неурядицы и обрести человеку уверенность в завтрашний день. Но для этого необходим Закон, совершенный во всех отношениях, чтобы он смог защитить права наших тружеников.

Насколько разработан настоящий законопроект мы попросили прокомментировать председателя профкома КазГУ Ляйлю Сейсенбековну Адымову.

Корр.: - Ляйля Сейсенбековна, имеются ли в законопроекте слабые стороны, недоработки и насколько они серьезны?

Л.С.: - Я досконально изучила законопроект и нашла ряд недостатков, которые могут дать возможность толковать многие вещи совсем в иной ипостаси. Например, в статье 1. основное понятие, используемое в настоящем Законе. В фразе: "Коллективный договор - соглашение, заключаемое в письменной форме... добавив следует "обязательное соглашение". Или же в статье 6 п.1.9. Повышать свою профессиональную квалификацию - добавить после слова "квалификацию" 1) "за счет средств работодателя не реже одного раза в пять лет" или 2) "за свой счет с предоставлением оплачиваемого работодателем рабочего времени. Без этих существенных поправок не будет, во-первых, конкретизации, во-вторых из-за таких казалось бы мелочей могут ущемляться права работника. Четкостью и законченностью формулировок должен отличаться любой закон...

Кроме того в законопроекте много таких моментов, когда некоторые его положения противоречат другим уже принятым законам или же другим документам. Например, в статье 7, п.1.1. следует убрать слово "коллективные", так как это положение регламентируется "Законом о коллективных договорах", а в проекте Закона "О труде" нет механизмов заключения, изменения и расторжения коллективного договора. Или же в этой же статье в пункте 1.6. имеются такие строки: "Работодатель имеет право на прекращение работы организаций и

увольнение работников при их участии в организации и проведении забастовки, признанной по решению суда незаконной". Этот пункт следует убрать полностью, как противоречащий международно-правовым нормам. Или же в этой же 7-ой статье добавить по пункту 2.9. следующее: "работодатель обязан обеспечить работников всеми условиями по технике безопасности и охране труда согласно Закону об охране труда".

В законопроекте очень много туманных мест, нечетких выражений, которые потом, если будут приняты именно в этой редакции, могут ущемлять интересы трудящихся. Вот, например, в статье 15 пункт 1.1. имеются следующие строки: "...до истечения срока испытания одна из сторон вправе расторгнуть трудовой договор"... Тут обязательно необходимо добавить: "с указанием причины расторжения".

Также в проекте есть места откровенно противоречащие друг другу. Вот, например, в статье 16, где говорится о переводе на другую работу: "Перевод на другую работу в той же организации, а также перевод на работу в другую организацию, либо в другую местность вместе с организацией допускается только с письменного согласия работника, с внесением соответствующих изменений в трудовой договор, за исключением случаев, предусмотренных настоящим Законом". Также статья 16-ая - Перевод на другую работу и статья 17, где говорится о перемещении работника на другое рабочее место - противоречат друг другу. В статье 17, по-моему, необходимо снять последнюю строку "согласие работника не требуется",

добавив "допускается с письменного согласия работника". Такие же доработки необходимы в статье 18 пункт 2, в статье 25, где говорится об основании расторжения трудового договора по инициативе работодателя, в случаях: 5) При отказе работника от перевода в другую местность вместе с организацией. Предлагаю второе предложение убрать полностью: "Если работник не согласен...", так как подпункт 5 статьи 25 не соответствует данной статье и первое предложение, оставленное одним в подпункте, достаточно ясно отражает смысл.

Также, по-моему, требуются изменения к статье 66, касающейся учебных отпусков. Например, следует внести изменения в статью: "Работникам, обучающимся в организации образования, могут предоставляться оплачиваемые или неоплачиваемые дополнительные отпуска на период сдачи экзаменов, подготовки и защиты дипломного проекта (работы), сдачи выпускных экзаменов. Это предложение я предлагаю в редакции: "Работникам, обучающимся в организации образования, предоставляются дополнительные отпуска на период обучения, сдачи экзаменов, подготовки и защиты дипломного проекта (работы), сдачи выпускных экзаменов. Условия оплаты, частичной оплаты или без оплаты дополнительного отпуска оговариваются трудовым коллективным договором". Или же в статье 67, пункт 4 предлагаю вместо "Системы оплаты труда в организациях определяются коллективными договорами или актами работодателя" - "Системы оплаты труда в организациях определяются коллективными договорами и актами работодателя".

Корр.: - Как мы убедились, Ляйля Сейсенбековна, этот законопроект требует еще серьезной доработки?

Л.С.: - Да, несомненно. Закон нам нужен совершенным, но он еще сыроват, над ним требуется большая и основательная работа, так как он должен будет нас защищать еще долгие годы. В таком виде, конечно, принимать его будет большой спешкой.

Корр.: - Спасибо, Ляйля Сейсенбековна за такую очень обстоятельную и содержательную беседу!

Интервью
Нарбинь КЕНЖЕГУЛОВОЙ.

Республика жаңалықтарынан

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Қ.Нағыманов қазақ тілінің беделін көтеру жолында игі қдам жасады. Алпаның әр сәрсенбісі бұдан былай мемлекеттік тіл күні болып белгіленіп, бұл күні меншік нысанына қарамастан барлық мекемелер мемлекеттік тілді насихаттайтын болады.

Ұлттық ат спорты Федерациясы Сүйінбай ақынның басына кесене көтеру үшін банктен еспешот ашып, жылу жинауға кірісті. Кесене, кудай каласа, Алматы облысы Жамбыл ауданы Қарақыстақ аулында бой көтермек.

"Жаман иттің атын "Бөрібасар" қойыпты" демекші, қазір академия, университеттердің алуан түрі қаптап кетті. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш аулында 7 университет, 3 академия ашылыпты. Ауылдық жерде атына сай кітапхана қоры, профессорлар құрамы жоқ екені айдан анық. Білімнен кадр кетті деген осы шығар.



Дулат дәстүрі

Ондай болмақ қайда деп...

Дулат ақын 90-шы жылдардан бері қарай ғана зерттеле бастады. Қазақтың белгілі ғалымдары Рәбиға Сыздықова, Құлмат Өмәралиев, Қанипаш Мәдібаевалар ақынның өмірі мен шығармаларын әр қырынан зерттеп, біршама тұжырымдар жасағаны белгілі. Біз мақаламызда соларға өз пікірімізді қоспақпыз.

Дулат жырларының өз замандастарынан ерекшелігі - Махмұт Қашқари өмір сүрген түркі дәуірінен бастау алып, ұлы Абай салған қазақтың европалық үлгідегі төл жазба әдебиетімен ұштасып жататындығында.

Қашқарида: *Иай барубан еркүзі,
Ақты ақын мундузы,
Тоғды йаруғ йулдузы,
Тынла сөзүм күлкүсүз.
Түрлүк чечек йарылды,
Барчын йазым көрiлдi,
Ужмақ йерi көрүлдi,
Тумлуғ иана келгүсүз*

Дулатта: *Атаны бала алдады,
Шешеге назар салмады,
Тенгерер жақсы қалмады
Қысқа менен ұзынды.
Мәстек озып бәйге алды,
Тайынша бұл боп тай қалды,
Бағасыз қыран жай қалды
Достықтың қылы үзілді.*

Құлмат Өмірәлиевтің пікіріне сүйенсек, XI ғасырдағы түріктердің ауызша және жазбаша поэзиясында екеуіне тел-ортақ: ааб-ээаб-вввб... - түрінде ұйқас құрайтын 7-8 буынды өлең үлгісі болған. Сол үлгіні XIX ғасырда өмір сүрген Дулат қайталайды.

Одан бері келгенде Дулат ақынның жыраулар поэзиясымен үндесіп, қабысып жататын шығармалары да бар. Мысалға алсақ,

Ақтамберді жырауда: *Жарлауға біткен жапырақ,
Жамылсаң тоңар ма екенбіз,
Жазыққа біткен бүлдірген
Сұғынсаң тояр ма екенбіз!
Тобылғы сапты қамшы алып
Тұмар мойын ат мініп,
Қоныс та қара ма екенбіз!*

Бұл XVII ғасырдың аяғы XVIII ғасырдың басында өмір сүрген Ақтамберді жыраудың "Күлдір де күлдір кісінетіп" деген өлеңінен үзінді. Осы шумақты Дулат XIX ғасырда "Ақтанға" деген өлеңінде қайталайды. Бірақ аздаған өзгерістер ғана енгізгенін ескертеміз.

Дулат ақында: *Жалаңға біткен жапырақ,
Жамылсақ тоңар ма екенсің?
Жазғы шыққан бүлдірген
Сұғынсаң тояр ма екенсің?
Будана көз, тоғыз тор
Сауыт киер ме екенсің?*

Ақтамбердіде бірінші жақта, Дулатта екінші жақта жырланып тұр. Бұл Дулаттың жыраулар поэзиясымен үндестігі. Жыраулар поэзиясында жыр басталғанда бір сөзді екі-үш рет қайталап айту дәстүрі бар. Мысалы, XV ғасырда өмір сүрген қаз туған жырауда "Алаң да алаң, алаң жұрт", Шалкиіз жырауда "Жел, жел есер, жел есер", "Асқар, асқар, асқар тау", XVIII ғасырда өмір сүрген Бұхар жырауда "Ай, заман-ай, заман-ай", "Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек" деген сияқты көптеген жолдар бар. Бұл жыраулар поэзиясының өзіндік ерекшеліктерінің бірі деп жүрміз. Осыны XIX ғасырда өмір сүрген Дулат дәстүрге ала отырып өз жырларында көрсетеді. Мысалға "О, Ақтан жас, Ақтан жас!", "О, Сарыарқа, Сарыарқа!", "Май, май десен, май десен". Біз жыраулармен замандас болғанына өлең құрылысына, тағы басқа заңдылықтарға қарап "ақын" деп бөліп алып жүрген Шал ақынмен де үндесіп жатқан тұстары жетерлік. Мысалы, Шал ақында:

*Он бестегі жасым-ай,
Жарға ойнаған лақтай,
Жиырмадағы жасым-ай
Көлге біткен құрақтай - деп басталатын өлең жолдары*

Дулаттың мына бір өлеңімен мәндес, мағыналас екендігі ап-айқын. Дулатта:

*Он бес деген жас қайда,
Жарға ойнаған лақтай?
Қайда көттің жиырма жас,
Тастан шыққан булақтай*

Дулат өлеңдері қазақ әдебиетіне жазба поэзияның алғашқы үлгілерін өкелді. Профессор Ханғали Сүйіншәлиев былай деп жазды: "Дулат шығармалары қазақ жазба әдебиетінің қалыптасуына өз үлесін қосты. Ол поэзиямыздың мазмұнын байытты, оның көркемдік түрі жағынан да

жетіле түсуіне көмектесті".

Мұхтар Мағауин болса "Дулат қазақ поэзиясын мазмұн, тақырып жағынан байыта түсті, түр көркемдік тәсілдер тұрғысынан жаңа сатыға көтерді", - деп өз пікірін ортаға салды.

Х.Сүйіншәлиев: "Дулат өлеңдерінің мазмұн, тілі халық ауыз әдебиетімен ғана үндесіп жатпайды. Соған қоса Абай, Ыбырай, Махамбет, Шортанбай сияқты кейінгі ақындармен үндесіп, пікірлері астасып жатады" - деген пікір айтты. Осы тұжырымға біз де қосыламыз. Дулат өлеңдері әсіресе қазақ жазба әдебиетінің іргетасын қалаған Абай өлеңдерімен жымдасып жатады.

Дулаттың: *Мөңіреп жұртқа ой қайтты,
Бұзауы өлген сиырдай.*

немесе,

*Саудагер сарттай қайтты өмір,
Құмар ойнап ұтылған, - сияқты образға толы тіркестерін*

Абайдың: *Адасқан күшік секілді,
Ұлып жұртқа қайтқан ой - деген жолдарынан ажыратып*
алмаймыз. Абай Дулат айтқан ойдың жалғаушысы, дамытушысы іспетті. Тақырыбы, идеясы жағынан да екі алыптың жырлары қанаттасып, қабысып жатады. Мысалы Дулатта:

*Орыстың көрсе улығын
Қыздан-дағы қылықты...
Майырдың алса бұйрығын,
Борбайға қысып күйрығын
Ел пысығы жортады-ай.*

Абайда: *Мәз болады болысын,
Арқаға ұлық қаққанға.
Шелтірейтін орысын
Шеңді шекпен жаққанға*

Енді Дулат ақын өлеңдерін суырып салып айтпаған, жазып шығарған деген пікірге тоқтағымыз келеді. Дулаттың тұстастары Шөже, Кемпірбай сияқты суырыпсалма ақындардан бірер мысал келтірейік:

Шөже: *Білгендей шапшаң қуып жетерімді,
Япыр-ау, осы қайдан көтерілді?
Әкең мен шешен шешпес жұмбақ айтып
Жол бойы түсірейін беделінді.*

Кемпірбай, *Әй, соқыр, сөзге тосу ақыл бердім,
Айрылып таза малдан тақыр болдың.
Өлеңге бейсауат сөз қосамын деп,
Қалтырап топ ішінде пақыр болдың.*

Міне, бұл таза суырыпсалмадан туған айтыс өлеңдер. Ал бұған "Кеудеме қайғы толған соң, тунық жырмен жуынам", "Күндіз күлкі бермеген, Түнде ұйқы бермеген, көзінен төкті арманды", "жетімдіктің бөлі", "көңілдің қутысы" сияқты қазақ поэзиясында өзіне дейін болмаған соны образдарға толы жырлар тудырған Дулат ақынды телітін болсаң қателескен болар едік. Дулатты түркі әдебиетінен, одан бергісі жыраулық поэзиядан тәлім алып, ақындық поэзияның дамуын жеделдеткен ұлы суреткер деп тануымыз қажет.

Дулаттың: *Күнәм жойқын, тәубәм аз,
Тіршіліктен не таптым!
Дүние-жемтік, мен-төбет,
Соны бақпай не бақтым?
Ырылдасып әркіммен
Не қалқыздым, не қаптым...*

деген өлеңі қазақ поэзиясында өзіне дейін болмаған тың тенеулерге толы, қиыннан қиыстырылған шығарма деп айтуға әбден лайық.

Профессор Рәбиға Сыздықованың сөзімен айтқанда: "Дулат-Абай" дейінгі қазақ ақындарының ішінде жазба поэзияға бірталай жақын келген. Европа мен орыс мәдениетінде классикалық поэзия деп аталатын өлең сөздің біраз белгілерінің қазақтағы бастауын танытқан ақын. Қазақ поэзиясы Абайға дейін ауызша жаралып, ауызша таралған, бірақ тілі ауыз әдебиеті тілінен өзгеше түсетін, авторлы поэзия болды, қазіргі жазба поэзияны бастаушы - Абай десек, Абайдың тақыр жерден өнер таппағанын және білуіміз керек.

Қазақ жазба поэзиясының алғашқы нышандары Дулат өлеңдерінен көрінеді. Іргетасты қалаған Абай болса, соны қалау кезеңі туғандығын қалайша қалаудың алғашқы үлгілерін көрсеткен Дулат деп айтуға әбден болады".

Шындығында Дулат ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетті жалғап тұрған алтынкөпір іспетті.



Студент дәптері

Аудиториядағы әбігер



Сабак басталатын уақыт болды. Студенттердің біразы келген. Әркім өз шаруасымен отыр. Алдымдағы екеу ауыздары жабысып өсек соғуда.

- Кеше бір жігітпен таныстым. Машинасы, үйі бар екен. Байдың баласы. Тек түрі онша емес.

- Мен әлгімен ренжісіп қалдым. Бір тормоз ғой өзі. Бар айтатыны әдебиет, өнер. Қолынан кітап түспейді. Сабакта басы қалғандай...

- Ал, біз барға бардық. Қыдырдық. Ренжіскенің жақсы болыпты. Не қыласың ондай мамбетті. Мен басқасын тауып берем...

- Оң жағыма қарадым. Бір қыз карта сапырып отыр...
- Сүйеді, сүймейді. Сүйеді, сүймейді... Менен басқа тағы біреуі бар екен ғой залымның?! Ол қай шайтан екен? Сағынады. Келгісі келіп жүр. Атасының басы! Келіп көрсін осыдан. Мәссаған, жақында бір "разборка" түр. Менің анаумен кездесіп жүргенімді біліп қояр ма екен...

Сол жағыма қарадым. Басы кегеңдеп, теңселіп отырғанға, ауырып отыр ма десем, жыны қысып отыр екен. Музыка тыңдаған түрі. Бұдан көзімді тайдырып әкеттім де, бұрылып артыма қарадым. Алдына газет-журналдардың қиындысын

жиып қойып, бір бала отыр. Байқамағансып алдындағысына қарап едім, өңкей жалаңаш қыздардың суреті екен.

Асығып бір қыз кірді. Мұғалімнің жоқ екенін көрген соң, еркінсіп шет елдердің бірінің тілінде бірдене делі. Амандасқаны. Өз тіліміз емес, орыс тілі де далада қалыпты. Орнына барды да "қару-жарағын" сайлап алып, боянуға кірісті.

Сүйретіліп мұғалім де жетті-ау. Бәрі топырлап орындарынан тұрды.

- Сәләмәтсіңдер ме?! Отырындар. Кешігіп қалдым ғой деймін. Тексеріп кетті ме әлгілер?

- Жоқ. Кіру енді болды, - дедік жамырап. Алдымдағы екеу әлі сөйлесіп отыр...

- Мә-ә, оқу аяқталып қалыпты ғой. Зачеттарды қайтер екенбіз?

- Өй, қойшы. Өтерміз өйтіп-бүйтіп.

- Сабакқа келіп отырғаным бүгін ғой.

- Өздері-ақ қойып береді.

- Қане, тынышталындар. Таң атпай не тауып айта бересіңдер-ей, сендер? Кім бар, кім жоқ, түгендейік.

- Түгелміз, апай. Бәрі бар.

- Қашаннан бері түгел келетін болғансыңдар? Жаңалық қой.

Жартымызға жуығы келмеген еді. Апайымыз біраз ұрысты. Тәртіп, тәрбие жайында мысалдар келтірді. Кенет, өз әңгімесінен өзі жалығып кетті ме, жоқ, сабак екені есіне түсті ме, лекциясын бастады.

- Апай, апай. Бұны өткенде де оқығансыз.

